

Баспасөз хабарламасы

Астана қ., 09 сәуір 2024 жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесі бойынша мұнайды тасымалдау штаттық режимде жүзеге асырылады

Қазақстан Республикасының 10 облысында су тасқыны салдарынан төтенше жағдай режимінде «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесі штаттық режимде жұмыс істейді.

«ҚазТрансОйл» АҚ өндірістік нысандарын су басу қаупі жоқ.

Мұнайды Қазақстан Республикасының мұнай өңдеу зауыттарына және экспорттық бағыттарға тасымалдау Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі бекіткен кестеге сәйкес жүзеге асырылады. Ресей мұнайының Қытай мен Өзбекстанға транзиті де тұрақты режимде жүзеге асырылуда.

«МұнайТас» ЖШС, «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС, «Магистральдық су құбыры» ЖШС өндірістік объектілері штаттық режимде жұмыс істейді.

Анықтама үшін:

«ҚазТрансОйл» АҚ – магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына кіреді. Ұзындығы 5,4 мың км магистральдық мұнай құбырларының әртараптандырылған желісіне ие.

«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС – бірлескен кәсіпорын «ҚазТрансОйл» АҚ (50 %) және China National Oil and Gas Exploration and Development Company Ltd. (50%) «Кеңқияқ - Құмкөл» және «Атасу - Алашанькоу» магистральдық мұнай құбырларын иеленуші.

«МұнайТас» ЖШС – «ҚазТрансОйл» АҚ (51 %) және CNPC Exploration and Development Company Ltd (49%) бірлескен кәсіпорны, «Кеңқияқ - Атырау» магистральдық мұнай құбырын жобалау, қаржыландыру, салу және пайдалану жөніндегі жобаны іске асыру мақсатында құрылған.

«ҚазТрансОйл» АҚ «Магистральдық су құбыры» ЖШС жарғылық капиталға қатысу үлесінің 100% иеленеді. «Магистральдық су құбыры» ЖШС «Астрахан - Маңғышлақ» магистральдық су құбырының меншік иесі.

**«ҚазТрансОйл» АҚ
жұртшылықпен байланыс
және ішкі коммуникациялар департаменті**